1 Модуль

2 дәріс

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуы

ЖОСПАР

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс

2. Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпалы

БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС
1914-1918 жж.

- Германия
- Австро-Венгрия
- Түркия

Дүние жүзін, отарларды, ықпал аумақтарын қайта бөлісу үшін күрес барысында қарама-қайшылықтардың шиеленісуі

- Англия
- Франция
- Ресей
- Сербия
- Черногория

38 МЕМЛЕКЕТ → **СОҒЫС** ← 1,5 млрд. ХАЛЫҚ

БАСҚЫНШЫЛЫҚ СОҒЫС


БІРІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1914-1918)

Ұзақтығы – 1554 күн
Қатысқан елдер – 38
Коалициялар құрамы: АНТАНТА – Англия, Франция, Ресей, АҚШ және басқа 30 ел; ҮШТІК ОДАҚ - Германия, Австро-Венгрия, Түркия, Болгария
Бейтарап мемлекеттер саны – 17
Аумағында соғыс қимылдары болған мемлекеттер – 14
Соғысқа қатысқан мемлекеттердегі халық саны - 1050 млн. адам (жер бетіндегі халықтың 62%)
Мобилизацияға ұшыраған халық саны - 74 млн. адам
Қаза тапқандар саны - 10 млн. адам

Қазақстан ауыл шаруашылығы (1913-1917 жж.)

Көрсеткіштер	Көлемі , %
Егістік көлемі	-63,5
Астық	-8,4
Тары	-22,1
Картофель	-46,3
Жылқы	-48,5
Ірі қара мал	-25

РЕСЕЙДЕГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ 1914-1917жж.



АЛҒЫШАРТТАРЫ

- ✓ Жер мәселесі;
- ✓ Қоныстандыру саясаты;
- ✓ Соғыс салығы

НЕГІЗГІ СЕБЕБІ

- ✓ Ұлттық және әлеуметтік езгінің шырқау шегіне жетуі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

КӨТЕРІЛІСТІҢ ЖЕЛЕУІ:

1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлығының шығуы

ЖЕҢІЛУ СЕБЕПТЕРІ:

- Бытыраңқылығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі;
- Әскери қарудың жеткіліксіздігі;
- Руаралық тартыстар;
- Жергілікті халық пен қоныстанушылар арасындағы қайшылықтар;
- Ұлттық демократиялық зиялылар қатарында бірліктің болмауы,
- қазақ феодалдарының сатқындығы

ТАРИХИ МАҢЫЗЫ:


- Қазақ халқының таптық санасы өсті;
- Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын тұңғыш рет ұғынды;
- Қозғалыс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды;
- Ә. Бөкейханов: «Қазақ осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекте қандай ел екенін білдірді»

1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына КӨЗҚАРАС

Революцияшыл-демократияшыл топ (Ә.Жангелдин, А.Иманов, Т.Бокин, С.Сейфуллин, С.Мендешев, Б.Алманов, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов т.б.) қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды

Либералдық-демократиялық топ (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б.) патша үкіметімен келісімпаздық (ымыраластық) бағыт ұстанды. Олардың мақсаттары:

- Қазақтарды тыл жұмысына шақыруды дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асырып, уақыт ұту;
- Қарусыз халықты патша жазалауының құрбаны етпеу;
- Ұлттық автономия құру


1916 ж. Ұлт-азаттық көтерілісі
Қазақстан Республикасының қазіргі шекарасы
Көтерілістің басталған жерлері аудандар
Көтерілістің басылғаннан кейін аудандар
Халық толқуы болған аудандар
Көтерілістің ошақтары
Көтерілісшілердің жасырын ұйымдары
Көтерілісшілердің жасақтарының әрекеттері және уақыты
Көтерілістің облыс бойынша қысқаша уақыт көрсетуімен
Жасақтардың отрядтың қозғалыс бағыты
Темір жолдар
Орынбор
Оренбург
Торғай
Қостанай
Ақтөбе
Қарқаралы
Семей
Павлодар
Өскемен
Зайсан
Ақмола
Көкшетау
Петропавл
Семипалатинск
Жетісу
Верный
Пішпек
Ташкент
Перовск
Түркістан
Шымкент
Қаратау
Ақтау
Красноводск
Бухара
Самарқанд
Ферғана
Каспий теңізі
Аралтеңізі
Сырдария облысы
Ақмола облысы
Семей облысы
Жетісу облысы
Ферғана облысы
Бұхар әмірлігі
Қытай
Иран
Монголия

Infourok.kz



Abai.kz

Көтеріліс басшылары



А. Иманов



Ә. Жанкелдин



Т. Бокин



Т. Рысқұлов



Ә. Әйтиев



С. Мендешев

Google.kz

2 Ресейдегі Ақпан революциясы және Қазақстан

Алғышарттары:

- Экономикалық күйзеліс;
- Майдандағы орыс әскерінің жеңілістері;
- Жұмысшы қозғалысының күшеюі;
- Ұлт аймақтарындағы көтерілістер

Міндеттері:

- самодержавиені құлатып, республика орнату;
- демократиялық өзгертулерді жүзеге асырып, өзекті мәселелерді (аграрлық, ұлт, соғыс пен бітім туралы) шешу

1917 ЖЫЛҒЫ АҚПАН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Тарихи маңызы :

- Патша өкіметінің геноцид саясатын тежеді
- Ұлт саясатында халықтардың теңдігін қолдайтынын мәлімдеді
- Халықтың кейбір демократиялық бостандықтарға қолы жетті

Кемшіліктері:

- Ұлттық – аймақтық өзін-өзі билеу құқығын беруден тартынды
- Отаршылдық басқару органдарын жоймады
- Шаруаларға жер бермеді
- Империалистік соғысты жалғастырды

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА БИЛІК ОРГАНДАРЫ (1917 ж. наурыз-маусым)

1917 ж. наурызында Уақытша үкімет органдары – атқару комитеттері құрылды (Петропавл, Семей, Зайсан, Павлодар, Көкпекті)

Ә. Бөкейханов - Торғай облысының комиссары;
М. Тынышпаев – Жетісу облысының комиссары;
М. Шоқай – Түркістан комитетінің мүшесі;
Х. **Досмұхамедов, Ж. Ақпаев; А.Кенжин**,
А. Кенесарин – Уақытша үкіметтің Қазақстан мен Түркістандағы өкілдері

1917 ж. наурыз-мамыр айларында жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері құрылды (Омбы, Ташкент, Семей, Верный, Перовск, Қазалы, Ақтөбе)

Басшылары:
А.Н. Морозов (Шымкент),
А.М. Поволоцкий (Петропавл)-большевиктер;
Л.С. Юдин (Семей),
Н. Эйдельман (Қазалы),
Домашев (Верный)
эсерлер

1917 ж. наурыз-сәуірінің басында Қазақ және мұсылман комитеттері құрылды (Орал, Верный, Ақмола, Семей, Әулие-Ата)

Төрағалары:

Р. Мәрсеков (Семей),
А. Тұрлыбаев (Ақмола),
Ы. Жайнақов (Жетісу),
Е. Итбаев (Омбы)

УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ЖҮРГІЗГЕН ІС-ШАРАЛАРЫ

1917 жыл 14 наурыз – «Бұратаналарды» тыл жұмыстарына алу тоқтатылды

1917 жыл 18 наурыз – «1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақтарға күш көрсеткен орыстарға кешірім беру туралы» қаулы

1917 жыл 8 қыркүйек – «Жетісу облысының 1916 жылғы көтеріліс кезінде зардап шеккен халқына қазынадан 11 млн. 150 000 сом бөлу туралы» қаулы (5 млн. сомы – жергілікті халыққа, 6 млн. 150000 сомы – орыс халқына)

1917 жыл 20 наурыз – «Азаматтардың дін ұстауына, дінге сенуіне, ұлтқа байланысты құқықтарды шектеудің күшін жою туралы» қаулы

1917 жыл 5 мамыр – «Қара жұмысқа алғандарды еліне қайтару туралы» қаулы

АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ (жоба)

(1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған)

Мемлекет қалпы

Ресей демократиялық федеративті республика болады.

Жергілікті бостандық

Қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемл-ке бірігіп, автон. негізде Ресей Федерациясының құрамына енбек

Негізгі құқық

Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болады

Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырылады. Діндер тең құқылы. Дін таратуға еріктілік

Билік пен сот

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болады. Би мен судья жергілікті ұлттың тілін білуі қажет

бағдарлама

Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскерлік жасқа жеткендер үйретіліп, қазақ атты милиция түрінде құрылады

Салық

Салық мал – ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге – кедейше әділ жолмен белгіленеді

Жұмысшылар

Жұмысшы турасында социал-демократтардың меньшевик тобының бағдарламасын жақтайды.

Ғылым-білім үйрету

Оқу ордаларының кімге болса да ашық және ақысыз. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқиту; қазақ тілінде

Жер мәселесі

Қазақ алдымен өз жерінен енші алғанша, ішкі Ресейден қоныс аудару тоқтатылады.